

**Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске
асыру қорытындылары бойынша қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «ORKEN2018» жеке меншік мекемесі
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Жанар Жұмакановна Акимова
3. Заңды мекен-жайы, байланыс телефоны: Қарағанды обл., Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы аудан, Гоголь к-сі, 51/1-үй, 149-пәтер
4. Мемлекеттік гранттың басым бағыты: Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту
5. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның атауы (бағыт): «Тіл-қазына» әлеуметтік жобасы
6. Әлеуметтік жобаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: 2023 жылғы 01 сәуірден 30 қыркүйек аралығы
7. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 9 046 000 (тоғыз миллион қырық алты мың) теңге

1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз

Гранттық шарттың №3 қосымшасына (жобаның жан жақтық сипаттамасы) сәйкес жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін, қатысушылардың күнін, орнын, санын көрсете отырып, әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде жүргізілген барлық іс-шараларды егжей-тегжейлі сипаттау және талдау қажет.

Жоба мақсаты:	<ul style="list-style-type: none">- ақпараттандыру және коммуникация саласында қазақ тілін қолдануды жетілдіру;- ақынжанды дарынды жастардың шығармаларын қалың жұртшылыққа таныстыру, талапты, талантты жастарды табу, оларға қолдау көрсету, бала тәрбиесі мен баланың танымын арттыру.
Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:	<ul style="list-style-type: none">- тіл саясатына қанағаттанушылық дәрежесіне қатысты қоғамда оң пікір қалыптастыру;- қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданыс аясының кеңеюі;- әлеуметтік желілерде мемлекеттік тілде танымдық және тартымды контент қатарын арттыру;- мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт балаларымен сқхбат жүргізу арқылы мемлекеттік тілді оқып үйренуге деген сұранысты арттыру;- мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға арналған қазақтілді контентті қалыптастыру мақсатында балаларға арнап өлеңдер мен тақпақтар, әңгімелер мен ертегі-мысалдар жазып жүрген қаламгерлерге қолдау көрсету, оларды ынталандыру

Міндеті	Міндет аясындағы шаралар	Өткізу күні	Өткізу орны	Қатысушылар саны	Қысқа мерзімде қол жеткізілген нәтижелер (іс-шараларға)	Сандық және сапалық көрсеткіштер	Индикаторы		Тиімділік
							жоспар	факт	
Әлеуметтік желілерде мемлекеттік тілде танымдық және тартымды контент қалыптастыру	«Қазақшаң қалай, балақай?» тақырыбында 30 бейнеролик түсіру	мамыр-тамыз	Қарағанды облысы	15 өзге ұлт өкілі, 6 ата-ана, 1 жүргізуші, 15 ұстаз қамтылды	Бейнероликтерге әлеуметтік желі пайдаланушылары арасында қазақ тілін толыққанды қарым-қатынас және ұлтаралық тіліне айналдыру, қазақ тілін білу және сол тілде сөйлеуді сөнге айналдыру, қазақ тілін оқып-үйренуге деген сұранысты арттыру, баланы қазақ мектебі мен балабақшаға берудің артықшылықтарын көрсету мақсатында мемлекеттік тілді еркін меңгерген және үйреніп жүрген өзге ұлт балалары мен ата-аналары	Үкілетті органдарға және білім ұйымдарына өзге ұлт өкілдерінің тізімін ұсыну туралы хат жолдау	10	10	Бейнероликтер әлеуметтік желі (Instagram және Facebook) пайдаланушылары, сондай-ақ «5 канал» телеарна көрермендері арасында оң пікірге ие болды. Сұхбат берген ата-аналар мемлекеттік тілді оқып, меңгеру жолында өздері мен балалары кездескен қиындықтармен бөлісіп қана қоймай, оны жеті жолдарымен де бөлісті. Бейнероликке қатысқан өзге ұлт балалары қазақ тілін меңгергендерін мақтан тұтатынын, сондай-ақ тілді оңай әрі қызықты меңгеруде ұстаздарының еңбегіне жоғары баға берді. Сұхбат берген
						Бейнеролик қатысушыларының тізімі	1	1	
						Сұхбат сценарийі	10	30	
						30 бейнеролик (сұхбаттың монтажы/диск)	1	3	
						Эфирлік анықтама	1	1	
						Телеарнада трансляциялау графигі	0	1	
						Тартылған мамандар	0	1	

					түсірілді.	туралы есеп	0	1	балалардың ішінде казак балабақшасына барған, казак мектебінде оқып жүрген балалармен қатар, орыстілді мектепте білім алып жатқан балалар да болды. Мектеп ұстаздарының еңбегін Қарағанды облысының Тілдерді дамыту және Білім басқармасының тарапынан ескеріліп, алғыс хат табысталды.
						Бейнетүсірілім барысының фотосуреттері (диск)	0	1	
						Бейнероликтер туралы ақпарат (презентация)	0	1	
Әлеуметтік желілерде мемлекеттік тілде танымдық және тартымды контент қалыптастыру	Әлеуметтік желіде кемінде 3 000 және 10 000-нан астам белсенді аудиториясы бар блогерлерді тарту	мамыр-маусым	Әлеуметтік желі (Instagram және Tik-Tok)	5 блогер	Әлеуметтік желіде (Instagram және Tik-Tok) казактілді онлайн-контентті жасаушылар қатарын арттыру, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, казактілді контенттер санын көбейту мақсатында қарағандылық	Блогерлер тізімі Блогерлердің түсірген вайн немесе бейнероликтері туралы ақпарат (презентация) Әлеуметтік желідегі жарияланымдар (сілтемелер)	1 1 0	1 1 1	Түсірілген вайндар мен бейнероликтер әлеуметтік желі қолданушылары арасында оң пікірге ие болды. Блогерлер өз парақшаларында контентті казак тілінде жүргізіп қана қоймай, оқырмандарына қызықты әрі танымдық сипатқа ие бейнероликтер орналастырды.

					және елімізге танымал блогерлер тартылды.				
Мектепке дейінгі балаларға арналған казактілді контентті қалыптастыру	«Баланың бал тілі казак тілінде дамысын» бағытында «Бүлдіршінге жыр арна» атты облыстық әдеби-шығармашылық байқауын өткізу	тамыз-қыркүйек	Қарағанды қ., Достық үйі	18 жеңімпаз, 5 қазылар алқасы, білім беру ұйымдарына н 50 тәрбиеші мен ұстаздар қауымы, 20 студенттер	Мектепке дейінгі балаларға арналған казактілді контентті қалыптастыру мақсатында өткізілген облыстық байқау барысында балаларға арнап өлеңдер мен әңгімелер жазып жүрген қаламгерлер анықталды. Барлығы 48 өтінім келіп түсті, 35 үміткер өлеңдер номинациясы бойынша, 13 үміткер әңгімелер номинациясы бойынша шығармаларын ұсынды. Қазылар алқасының	Байқау ережесі Байқау ережесіне өзгеріс енгізу туралы Байқау туралы хабарландыру Қазылар алқасының тізімі Шара барысында тартылған мамандардың тізімі Қазылар алқасының шешімі (хағтама) Ақшалай сыйлықтарды тапсыру ведомосі Байқау сценарийі	1 1 1 1 0 0 1 0	1 1 2 1 1 1 1 1	Облыс аумағынан қатысқан ақындар мен жазушылардың шығармашылығына қолдау көрсетілді, үздік деп танылған өлеңдер мен әңгімелер авторлары ақшалай сыйлықпен марапатталды. Жұлделі орынға ие болған қаламгерлердің шығармалары электрондық жинақ ретінде әзірленіп, республикалық интернет-порталға (tilalemi.kz) орналастырылды.

					шешімімен өлеңдер номинациясы бойынша 9 жүлдегер, әңгімелер номинациясы бойынша 9 жүлдегер, барлығы 18 адам марапаттау салтанатына катысты.	Презентация (баннер, дипломдар, алғыс хаттар, мақалалар, посттар және т.б.) Диск (фото және бейне)	0 2	1 2	
--	--	--	--	--	---	---	--------	--------	--

Әлеуметтік жобаның әлеуметтік және экономикалық әсерлерін көрсететін кестені толтырыңыз

	Индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарланып отырған деңгей	Нақты деңгей
1.	Тікелей бенефициарлар саны, оның ішінде:	адам	330	350
2.	Жанама бенефициарлар саны (БАҚ-та жариялау есебінен)	адам	15000	15000
3.	Штаттық қызметкерлердің саны	адам	0	0
4.	Тартылған мамандар саны, оның ішінде:	адам	9	9
5.	Қамтылған ҮЕҰ саны	ұйым	0	0
6.	Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры	тенге	1 495 000	1 495 000
7.	Салықтар (ӘС, ӘА, МӘМС (штаттық қызметкерлердің ғана)	тенге	0	0
8.	Экономикаға қосқан үлес (тауарлар мен қызметтерді сатып алу)	тенге	1 214 500	1 214 500
9.	Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және / немесе жеке тұлғалар)	ұйым/адам	4	4

Жоба бойынша жоспардан ауытқу негіздемелерін сипаттаңыз: болған жоқ

2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):

1) Әлеуметтік желілерде мемлекеттік тілде танымдық және тартымды контент қалыптастыру

■ Әлеуметтік желілерде мемлекеттік тілде танымдық және тартымды контент қалыптастыру, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, өзге ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылықты арттыру, сондай-ақ Халықаралық «Қазақ тілі»

қоғамының «Қазақ мектебі» жобасын қолдау аясында ата-аналардың балаларын қазақ тілінде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдарға немесе қазақ мектебіне беруін ынталандыру мақсатында:

➤ «Қазақшаң қалай, балақай?» тақырыбында 30 бейнеролик (бұдан әрі - Бейнеролик) түсірілді. Бейнероликке қатысушы кейіпкерлерді анықтау үшін және сол балалардың қатысуын қамтамасыз ету үшін облыстық және аудандық-қалалық білім ұйымдарына хат әзірленіп жолданды.

➤ Бейнеролик кейіпкерлері - мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт өкілдерінің балалары және тілді меңгеруге қолдау көрсетіп отырған ата-аналар. Оған қоса, кейбір қатысушылар бүгін де орыс тілінде білім беретін мектеп оқушылары. Бейнероликтерді түсіру жұмысына 15 өзге ұлт балалары, 6 ата-ана қатысты. Сұхбат жүргізушісі ретінде Қарағанды облысының «Тіл жанашыры» сыйлығының иегері, полиглот Сергей Зорин шақырылды. Әр бейнероликтің сюжетін анықтау үшін сценарий әзірленді (барлығы - 30 сценарий). Балалармен және олардың ата-аналарымен жүргізілген сұхбаттардан кейіпкерлердің қызығушылықтары, оқудағы жетістіктері, қосымша баратын үйірмелері туралы біле отырып, қазақ тілін қалай меңгергенін, оны күнделікті өмірде қалай қолданып жүргенін білуге болады.

➤ Түсірілген бейнероликтер Facebook және Instagram әлеуметтік желілерінде (@krg_til, @orken2018, @life09) жарияланды, сондай-ақ жергілікті «5 канал» телеарнасы және Life09 ақпараттық агенттігінің You-Tube сайты арқылы көрермендер назарына ұсынылды. Сонымен қатар, 2023 жылғы 18 тамызда Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ресми сайтында және 2023 жылғы 1 қыркүйекте республикалық «Қазақстанская правда» газетінде «Телепроект «Қазақшаң қалай, балақай?» помогает родителям» тақырыбында мақалалар жарық көрді (2-бағдарламалық есепте презентация қоса ұсынылды).

➤ Бейнероликтерге түскен оқушыларды дайындауға жетекшілік еткен ұстаздар мен тәрбиешілерге 2023 жылғы 13 сәуірде өткен «Бүлдіршінге жыр арна» атты облыстық әдеби-шығармашылық байқауының қорытынды кезеңі марапаттау салтанатында құрмет көрсетіліп, Облыстық тілдерді дамыту басқармасы мен Облыстық білім басқармасы атынан арнайы Алғыс хаттар табысталды.

■ Әлеуметтік желілерде, атап айтсақ Instagram және Тік-Ток-та қазақтілді онлайн-контентті жасаушылар қатарын арттыру, оқырмандар арасында қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, сондай-ақ қазақ тілінде сапалы контенттің шығуы, мемлекеттік тілді үйренуге деген сұранысты арттыру мақсатында:

➤ **әлеуметтік желіде 3000 және 10000-нан астам белсенді аудиториясы бар** қарағандылық және елімізге танымал блогерлер тартылды. Блогерлердің түсірген вайндары мен бейнероликтері әлеуметтік желі пайдаланушылары арасында оң пікірге ие болды. Блогерлер өз парақшаларында контентті қазақ тілінде жүргізіп қана қоймай, оқырмандарына қызықты әрі танымдық сипатқа ие бейнероликтер жариялады. Барлығы 5 блогер 25 вайн/бейнероликтер түсірді (1-бағдарламалық есепте презентация қоса ұсынылды).

2) Мектепке дейінгі балаларға арналған қазақтілді контентті қалыптастыру

■ Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, балаларға арналған шығармаларды насихаттау арқылы жас ұрпақтың тілін дамыту, кітап оқуға деген құштарлығын ояту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, қоршаған ортаны қорғау, табиғат, адам бойындағы ізгі қасиеттер тәрізді тәрбиелік мәні бар тақырыптарға жазылған шығармаларды насихаттау, балалар әдебиетіне үлес қосып жүрген қаламгерлерге қолдау көрсету мақсатында:

➤ «Баланың бал тілі қазақ тілінде дамысын» бағытында балаларға арнап өлең шығарып, әңгіме жазып жүрген қаламгерлер арасында 2023 жығы 13 қыркүйекте «Бүлдіршінге жыр арна» атты облыстық әдеби-шығармашылық байқауы өтті. Байқаудың өтетіндігі туралы хабарландыру мен байқау ережесі әзірленіп, облыстық БАҚ-та («*ORTALYQ QAZAQSTAN*» облыстық газетінің баспа бетінде және сайтында), Facebook және Instagram әлеуметтік желілерінде, сондай-ақ Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ресми сайтында жарияланды.

➤ Байқауға қатысушыларды бағалау үшін әділқазылар алқасының құрамы бекітілді. Қазылар алқасының құрамына акын, жазушылармен қатар, ғылыми атақтары бар тіл саласындағы білікті мамандар енді. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделді. Байқау барысында қатысушылар мен қазылар алқасы кеңсе тауарларымен, ауыз сумен қамтамасыз етілді.

➤ Полиграфиялық өнімдердің дизайнында, оның ішінде баннер, дипломдар, алғыс хаттарда Тапсырыс берушінің, Грант берушінің, серіктестердің логотиптері көрсетілді.

➤ Байқауға жалпы 48 өтінім келіп түсті, оның ішінде балаларға арналған өлеңдер номинациясы бойынша 35 үміткер, әңгімелер номинациясы бойынша 13 үміткер болды. Іріктеуден әр номинация бойынша 9 жүлделі орын анықталды, барлығы 18 жеңімпаз марапаттау салтанатына қатысты. Жүлделі орынға ие болғандарға ақшалай сыйлықты тапсыру ведомосі жасалды.

➤ Шараны өткізу барысында сценарийді әзірлеуші, фото және бейне оператор, имидждік топ, 2 жүргізуші, музыкалық нөмірді орындаушылар тартылды (3-бағдарламалық есепте фото және бейнематериалдар, презентация қоса ұсынылды).

➤ Байқау қорытындысы туралы мақала «*ORTALYQ QAZAQSTAN*» облыстық газетінде ү.ж. 14 қыркүйекте шықса, «Новый Вестник» газетінде 20 қыркүйекте жарық көрді.

➤ Tilalemi.kz интернет-порталына жүлделі орынға ие болған қаламгерлердің шығармалары, оның ішінде балаларға арналған өлеңдер мен әңгімелер жинағының электрондық нұсқасы орналастырылды.

3. Әлеуметтік жобаны аяқтау және/немесе іске асыру барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жоба алдындағы жағдайды және жоба аяқталған кездегі жағдайды, жоба шеңберіндегі мәселелер мен міндеттерді шешу дәрежесін салыстыру):

«Жетістік тарихы» - бұл әлеуметтік жобаның қандай да бір нақты жағдайда (белгілі бір қызмет алушының өмірінде) қалай көмектескенінің қысқаша (5-8 сөйлем) мысалы;

Жетістік туралы әңгімелер жарияланымдарда, сондай-ақ әлеуметтік жобаның нәтижелерін ұзақ мерзімді бақылау үшін қолданыла алады. Жетістіктің қысқаша тарихы келесі бөлімдерден тұруы керек: әлеуметтік жобаның басындағы жағдай; әлеуметтік жобаның жағдайға әсері әсердің нәтижесі.

Сондай-ақ жетістік тарихында белгілі бір қызмет алушының байланыс деректерін қоса ұсына отырып, оның кері байланысы болғаны жөн. Бүгінгі күні қоғамда балалар әдебиетінің хал-ахуалы жиі талқыланып, түрлі бастама көтеріліп жүр. Балаларға арналған шығармалардың аз екендігі, сирек жарияланатыны белгілі. Балалар әдебиетінсіз дұрыс қоғам қалыптастыру, хакім Абай армандағандай, кемел тұлға, яки толық адам тәрбиелеу мүмкін емес екенін белгілі акын-жазушыларымыз айтып жүр.

Балалар әдебиетінің тынысы ашылып, көкжиегі кеңейіп, көсегесі көгеруі үшін облыстық деңгейде ғана емес, сондай-ақ республикалық деңгейде де осындай байқауды жиі ұйымдастырып отыру қажет. Осы байқауға балалар акын-жазушыларымен қатар,

бастауыш сыныптардың білікті мұғалімдері қатысты. Байқау барысында Қарағанды қаласының Мағжан Жұмабаев атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып оқушылары жүлделі орынға ие болған ақындардың шығармаларын оқып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Байқауға қатысушылар әлеуметтік желілерде байқау қорытындысы туралы өз пікірлерімен бөлісті. 3-аралық есепте әлеуметтік желідегі жарияланымдардың пікірлері көрсетілді. Мысалы, байқау қатысушысы Мамамайда Файзоллақызы әлеуметтік желіде Жоба аясында өткізілген осы шарада жүлделі орынға ие болмаса да, алғыс хатқа ие болғанына, кішкене болсын балалар әдебиетіне үлесін қосқанына риза болғаны туралы жазды.

4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісіндегі статистикалық ақпарат (аралық бағдарламалық есепті ұсыну сәтінде):

Гендерлік көрсеткіш:

Барлық қатысушылар саны	Ерлер	Әйелдер
350	75	275

Санаттар бойынша әлеуметтік мәртебе:

Бүкіл жобаға қатысушылар саны	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметшілер	Бюджеттік ұйым жұмысшылары	Мүгедектер	Жасы үлкен адамдар (50 жастан және одан жоғары), оның ішінде:	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
350	35	58	10	247	-	80	-	15	-	335

Жас көрсеткіші:

Бүкіл жобаға қатысушылар саны	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және жоғары
350	12	35	23	77	23	57	12

5. Әлеуметтік жоба нәтижесі:

- көрсетілген нысаналы топтардың әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелері (сандық көрсеткіштерді, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып): «Қазақшаң қалай, балақай?» тақырыбында түсірілген бейнероликтер кейіпкерлерімен жүргізілген сұхбаттар әлеуметтік желі пайдаланушылары, телеарна және YouTube видеохостингінен тамашалаған көрермендер тарапынан оң бағасын алды. Оған дәлел әлеуметтік желіде орналастырылған әр бейнероликке қалдырылған пікірлер, YouTube-тағы

пікірлер. Бейнероликке түскен 15 өзге ұлт балалары, 6 ата-аналарының берген пікірлері де оң болды. Сұхбат жүргізушісі әр қатысушы баланың қызығушылықтарын, оқудағы жетістіктерін ескере отырып, бейнеролик сюжеттерін көрермендерге ғана емес, сонымен қатар қатысушы балалар үшін де қызықты жүргізе білді. 30 бейнероликтер жергілікті «5 канал» телеарнасында шілде-тамыз айлары аралығында жұмыс күндері трансляцияланды. Бейнероликке қатысушы балалардың мемлекеттік тілге деген құрметін қалыптастырып қана қоймай, оны оқып-үйренуге деген қызығушылығын оята білген ұстаздар (15 жетекші) Алғыс хаттармен марапатталды. Сонымен қатар «Бүлдіршінге жыр арна» атты облыстық әдеби-шығармашылық байқауында жүлделі орынға ие болған қаламгерлердің шығармалары, оның ішінде балаларға арналған өлеңдер әңгімелер жинағының электрондық нұсқасы Tilalemi.kz интернет-порталына орналастырылды.

- *жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған қандай да бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):* Әлеуметтік жобаны іске асыру барысында 3 іс-шара да мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуде, қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тіліне айналдыруда, әлеуметтік желіде қазақтілді контенттер санын арттыруда оң нәтижесін берді. Оған дәлел - әлеуметтік желідегі жарияланымдар, пікірлер, БАҚ-та жарияланған мақалалар.
- *әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы* _____
- *іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:* _____

6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (егер бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды жалғастыру қалай жоспарлануда?

1) «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ

«Тіл - қазына» әлеуметтік жобасы аясында өткізілген «Бүлдіршінге жыр арна» атты облыстық әдеби-шығармашылық байқауының ережесі аудандық және қалалық әкімдіктерге жолданды. Байқаудың қорытынды кезеңінде марапаттау салтанатында Басқарманың бөлім бастығы Айнұр Қалиева құттықтау сөз сөйледі. Жүлделі орынға ие болған ақын-жазушылар Басқарма басшысы қол қойған дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталды. Сонымен қатар шара барысында «Қазақшаң қалай, балақай?» атты бейнеролигіне қатысушы балалардың мемлекеттік тілге деген құрметін қалыптастырып қана қоймай, оны оқып-үйренуге деген қызығушылығын оята білген ұстаздарды (15 жетекші) Алғыс хаттармен марапаттады.

2) Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Қарағанды облыстық филиалы

Қоғам барлық жерде мемлекеттік тілдің әрі жақтаушысы, әрі бақылаушысы болып табылады. Сондықтан Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Қарағанды облыстық филиалы (бұдан әрі - Қоғам) бас серіктес ретінде Жобаның жоғары деңгейде іске асуына барынша ықпал етті. «Бүлдіршінге жыр арна» атты облыстық әдеби-шығармашылық байқауын Достық үйінде өткізуге атсалысты.

3) «Saryarqa Aqparat» медиахолдингі

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингі «Тіл - қазына» әлеуметтік жобасы аясында жүзеге асырылған шараларды «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газет бетіне және интернет-порталына жариялап, ақпараттық қолдау көрсетуге барынша атсалысты.

Әлеуметтік жобаның серіктестері

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер жатпайды.

Ұйым атауы /Серіктестіктің Т.А.Ә.	Жобадағы орны	Ұйымның, серіктестіктің байланыс деректері	Ескерту
«Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ	Серіктес	Қарағанды қаласы, Мұстафин көшесі, 6/4	
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Қарағанды облыстық филиалы	Бас серіктес	Қарағанды қаласы, Кеншілер даңғылы, 64	
«Сауарқа Ақпарат» медиахолдингі	Серіктес	Қарағанды қаласы, Ә.Ермеков көшесі, 33	

Осы әлеуметтік жобаның жалғасы болуы мүмкін болашақ әлеуметтік жобалар тақырыбына ұсыныстар:

№	Мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты	Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Грант түрі	Күтілетін нәтижелер

Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.

Мемлекеттік органдар	Ұсынымдар	Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні (хаттардың көшірмелерін қосымшаларымен бірге осы есеппен ұсыну қажет)

Есептегі беттердің жалпы саны: 10 (он)

Грант алушы: «ORKEN2018» жеке меншік мекемесі

Директор: Ж.Ж. Ақимова

Қолы: 19.09.2023

Мөрдін орны:

